



## САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

### УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-02-23

### БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ

#### АЛҒЫ СӨЗ

1. Білім беру бағдарламаларын әдістемелік қамтамасыз ету бөлімімен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕҢГІЗІЛДІ
2. Әзірлеген
  - Білім беру бағдарламаларын әдістемелік қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Оралова З.М.
3. Келісілді
  - Оку-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор Байнеева П.Т.
  - Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапаны басқару бөлімінің басшысы Суттибаева А.А.
4. Университеттің Фылыми кеңесінің 29 11 2023 №5 мәжілісінде талқыланып макұлданды
5. Енгізілді – 2023
6. Тексерілу мерзімі – 2025

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Шымкент, 2023

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС		УЕ-02-23
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	2-нұсқа
Білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету бойынша академиялық комитет		7 беттің 2-беті

## 1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Еңбек нарындың қажеттіліктеріне сәйкес білім беру бағдарламаларын жобалау, дамыту және жетілдіру мақсатында және білім беру бағдарламаларының мазмұны және оларды іске асыру жағдайы бойынша, бағалау саясаты және факультеттің өзге де академиялық мәселелері бойынша шешімдер қабылдайтын, білім беру бағдарламалары және (немесе) пәндер/модульдер сапасынан сәйкес келуіне, академиялық адалдықты бұзу фактілерінің болуына білім алушылар арасында сауалнама үйымдастыратын факультеттер базаларында Білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету бойынша Академиялық комитеттер құрылады (бұдан әрі – АК).

1.2 Ереже «Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС-ң Академиялық саясатын және сапаны ішкі қамсыздандыру жүйесін қалыптастыратын нормативтік құжат, факультет, кафедралар Ереже талаптарын орындауы міндетті.

## 2 СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР

Осы Ереже мынадай зандар мен нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып өзірленді:

- Қазақстан Республикасының 2007.07.27 № 319-III "Білім туралы" Заңы (2023 ж. 10 қыркүйекте өзгерістер мен толықтырулар енгізілді);

- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Фылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28916 болып тіркелді;

- Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру үйымдары қызметінің үлгілік қағидалары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 30.10.2018 № 595 бұйрығы (12.10.2023 ж. өзгерістер мен толықтыруларымен);

- Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарында оқытуудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін үйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы (Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары министрінің 2023 жылғы 25 шілдеде өзгерістер мен толықтырулар енгізілді);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 29.11.2007 ж. № 583 бұйрығымен бекітілген «Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты үйымдастыру және жүзеге асыру ережесі» Қазақстан Республикасы Фылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 8 маусымдағы № 263 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді);

- Әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес қызметі және оны сайлау тәртібінің үлгі ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы №644 Бұйрығы.

## 3 ЕРЕЖЕ МАЗМУНЫ

### 3.1 АК құрамын сайлау және жұмыс тәртібі

АК құрамы университет ректорының бұйрығымен бекітіледі. АК құрылымына білім беру бағдарламаларын, әлективті пәндер каталогтарын әзірлейтін, оқыту нәтижелерін білім беру бағдарламалары бойынша қайта есептейтін жұмыс топтары мен Білім беру бағдарламаларының мазмұны мен оларды іске асыру жағдайын тексеру және академиялық адалдықты бұзу фактілерін анықтау жөніндегі Комиссия (бұдан әрі – Комиссия) кіреді. АК құрамына факультет деканы, кафедра менгерушілері, оқытушылар, жұмыс берушілер, университеттің студенттері мен магистранттары кіреді. Факультет деканы АК төрағасы ретінде сайланады.

АК жұмысы факультет кеңесінде бекіткен жұмыс жоспарға сәйкес жүзеге асырылады (1-қосымша).

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС		ҮЕ-02-23
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	2-нұсқа
Білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету бойынша академиялық комитет		7 беттің 3-беті

АК отырысына университеттің әкімшілік-басқару қызметкерлерінің өкілдері де қатыса алады.

АК отырысы жұмыс жоспарға сәйкес ұйымдастырылады.

АК-н әрбір мүшесі барлық отырысына қатысуға, оның жұмысына белсенді араласуға, жүктелген тапсырмаларды уақытылы және нақты орындауға тиісті (2-косымша).

АК отырысында қаралған мәселенің нәтижесі бойынша қатысып отырған мүшелерінің басым көпшілік дауысымен ұсынысы қабылданады және хаттамамен рәсімделеді. Отырыстың хаттамалары мен қаулыларына АК тәрағасы мен хатшысы қол қояды (6-косымша).

### **3.2 АК мақсаттары, міндеттері, функциялары**

**3.2.1 АК мақсаты:** Білім беру бағдарламаларының барлық деңгейлерінде оқу процесін ұйымдастыру және білім беру бағдарламаларының барлық деңгейлерінде оқу процесінің сапасын жақсарту бойынша шешімдер қабылдау

#### **3.2.2 АК міндеттері:**

- білім беру бағдарламасының және оның құрылымдық элементтерінің алқалық жасақтауын ұйымдастыру;

- үздіксіз білім беру деңгейінің үздіксіздігін қамтамасыз ету негізінде (бакалавриат-магистратура) кадрлар дайындау бойынша оқу траекториясын қалыптастыру;

- бітіруші түлектің құзыреттіліктер моделін анықтау және оның дайындығының сапасын бағалау мақсатында жұмыс берушілер мен бітіруші түлектермен бірлесіп, байланыс жасау.

#### **3.2.3 АК функциялары:**

- білім беру бағдарламаларын жобалау, әзірлеу;

- білім беру бағдарламаларын дамыту бойынша жұмысты ұйымдастыру, қалыптастыру бойынша ұсыныстар жасау;

- білім беру бағдарламалары мен элективті пәндер каталогтарының мазмұны және оларды іске асыру жағдайы бойынша шешімдер қабылдау;

- бағалау саясаты және факультеттің өзге де академиялық мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

- білім беру бағдарламалары және (немесе) пәндер/модульдер сапасының сәйкес келуіне шешімдер қабылдау;

- оқу нәтижелерін ББ бойынша қайта есептеу;

- оқу пәндерінің сапасын жоғарылату бойынша ұсыныстарды әзірлеу мақсатында студенттердің білім беру бағдарламаларына қатысуын бақылау нәтижелерін қарастыру;

- академиялық адалдықты бұзу фактілерінің болуына білім алушылар арасында сауалнама ұйымдастыру.

### **3.3 Құқықтары**

АК құқылы:

- Жылдық жоспар негізінде отырыс өткізуге;

- Өздерінің міндеттерін іске асыруда университеттің барлық құрылымдық бөлімдерінен қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

- Факультет кеңесінің жұмысына қатысуға және есептерін тыңдауға;

- Басқа білім беру мекемелердегі осындай бөлімдермен бірлесіп жұмыс жасауды орнату және оны жүзеге асыруға.

### **3.4 Құрылымдық бөлімдермен өзара байланысы**

АК шешімдері білім бағдарламаларын іске асыратын кафедраларға міндетті.

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС	УЕ-02-23
Сапа менеджменті жүйесі	2-нұсқа
Білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету бойынша академиялық комитет	7 беттің 4-беті

#### 4 ЖАУАПКЕРШІЛІК

АҚ күжаттарының негізділігі мен мазмұнына Комитет төрағасы жауапты.

#### КЕЛІСІЛДІ

Оку-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор

Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және  
сапаны басқару бөлімінің басшысы

Байнеева П.Т.

Суттибаева А.А.

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС		YE-02-23
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	2-нұсқа
Bілім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету бойынша академиялық комитет		7 беттің 5-беті

**Ереженің жазбалары:**

- Академиялық комитеттің жұмыс жоспары Ф.02.01
- Білім беру бағдарламаларының мазмұны мен оларды іске асыру жағдайын тексеру және академиялық адалдықты бұзуфактілерін анықтау жөніндегі Комиссия мүшелерінің қатысу паралы Ф.02.02
- Білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету бойынша Академиялық комитет отырысының хаттамасы

Қосымша1. Ф.02.01

**«ЖҰМАБЕК АХМЕТҰЛЫ ТАШЕНЕВ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ» ЖШС**

Бекітемін  
Факультет деканы

— — — 20\_\_ жыл

**20\_20\_ ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН  
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ  
БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

Шымкент, 20\_\_

№	Қарастырылатын мәселелер	Орындау мерзімі	Орындаушылар

Факультет кеңесінде бекітілді. Хаттама №\_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС		YE-02-23
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	2-нұсқа
Білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету бойынша академиялық комитет		7 беттің 6-беті

Қосымша 2. Ф.02.02

Академиялық комитет мүшелерінің қатысу парагы

\_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ жыл

№	Аты-жөні	Қызметі	Қолы

Қосымша 3. Білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету бойынша Академиялық комитет отырысының хаттамасы

### «ЖҰМАБЕК АХМЕТҰЛЫ ТАШЕНЕВ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ» ЖШС

№ ХАТТАМА

\_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ жыл

Білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету бойынша Академиялық комитет отырысы Төраға –

Хатшы –

Қатысқандар: \_\_ адам (тізімі қоса беріліп отыр)

Шақырылғандар: \_\_ адам (тізімі қоса беріліп отыр)

Күн тәртібі

1.....

2.....

3.....

#### 1. ТЫҢДАЛДЫ:

Қаулы етті:

1.....

2.....

3.....

Төраға:

Хатшы:

«Жұмабек Ахметұлы Тащенев атындағы университет» ЖШС	УЕ-02-23
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі
Білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету бойынша академиялық комитет	2-нұсқа 7 беттің 7-беті

## ТАНЫСУ ПАРАФЫ